

2020 жылға мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы

Қарағанды облысы Приозерск қаласының әкімдігінің 2020 жылғы 21 ақпандағы № 10/47 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 25 ақпанда № 5707 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 31 бабының 1) тармақшасына, 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9 бабының 6) тармақшасына, "Мүгедектер үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 13 маусымдағы № 498 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14010 бойынша тіркелген) сәйкес, Приозерск қаласы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ауыр жұмыстардағы, зиянды, қауіпті еңбек жағдайлары бар жұмыстардағы жұмыс орындарын есепке алмағанда, меншік нысанына және ұйымдастырушылық-құқықтық нысанына қарамастан, ұйымдарда жұмыс орындарының тізімдік санынан пайызбен көрсеткенде қосымшаға сәйкес мүгедектер үшін 2% - дан бастап 4% - ға дейінгі көлемде жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Приозерск қаласы әкімінің орынбасары Б.Ә. Қазиеваға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Приозерск қаласының әкімі

К. Камзин

Қаулысына қосымша

Мүгедектер үшін жұмыс орындары квотасы белгіленетін Приозерск қаласы ұйымдарының тізімі

№	Ұйымның атауы	Қызметкерлердің тізімдік саны	Қызметкерлердің тізімдік санынан алғандағы квотаның көлемі (%)	Мүгедектер үшін жұмыс орындарының саны
1.	"Коммуналдық тұрғын үйлерді қайта қалыптастыру басқармасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны	153	3	5
	"Приозерск қаласының "Достық" балалар-жасөспірімдер шығармашылық			

2.	орталығы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны	78	2	2
----	--	----	---	---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК